



Азия Даму Банкіне Қазақстан Республикасының мүшелігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 4 қараша 1993 ж. N 1392. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2002.04.26. N 854 жарлығымен. ~U020854

Азия Даму Банкінің қызметіне Қазақстан Республикасының қатысуы үшін қажетті шаралар қабылдау мақсатында қаулы етеді:

1. Азия Даму Банкін құру туралы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне Азия Даму Банкіне тиесілі барлық қаражатқа, сондай-ақ осы Банкінің басқа да активтеріне депозитарий болуға өкілдік берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі аталған Келісімнің шеңберінде туындайтын мәселелер бойынша Азия Даму Банкімен байланысты жүзеге асыратын ресми орган болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып, Азия Даму Банкін құру туралы Келісімде көзделген барлық операциялар мен мәмілелерді орындауға, Қазақстан Республикасының атынан сыртқы қарыз үшін

берілетін кепілдіктердің ең жоғары шеңберінде төленуі немесе берілуі мүмкін кез келген сомаларды, кредиттерді алуға, сондай-ақ Азия Даму Банкіне Қазақстан Республикасының мүшелік жарналарының дүркін-дүркін төленуін қамтамасыз етуге уәкілдігі болады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК